

## ПІКІР

Жунусбекова Гаухар Жұмашқызының

8D07202 «Тау-кен ісі» білім беру бағдарламасы бойынша философия  
докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған «Тау  
жыныстарының қатпарлы сілеміндегі техногендік ашылымдарының  
параметрлерін геомеханикалық негіздеу» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына

Жунусбекова Гаухар Жұмашқызының «Тау жыныстарының қатпарлы сілеміндегі техногендік ашылымдарының параметрлерін геомеханикалық негіздеу» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы қазіргі таңда тау-кен өндірісінің қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыруды маңызды мәселелердің бірі – қазбаларды бекіту параметрлерін дұрыс таңдау мен негіздеуге арналған. Қатпарлы тау сілемдері құрылымдық және мықтылық түрғыдан әркелкі болып келеді, сондыктan олардың кернеулі-деформацияланған күйін зерттеу – маңызды әрі өзекті мәселе. Жұмыста RS2 бағдарламалық кешенін қолдану арқылы жүргізілген сандық модельдеу нәтижелері бекіту элементтері мен тау жыныстарының өзара әрекеттесуін теренірек түсінуге және ғылыми негізделген шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты – қатпарлы сілемде жүргізілген қазбалардың айналасындағы тау жыныстарының кернеулі-деформацияланған күйінің заңдылықтарын анықтап, қазбаларды бекіту параметрлерін тиімді негіздеу. Жұмыстың теориялық-әдістемелік негіздері сенімді түрде баяндалған. Автор шетелдік және отандық ғылыми еңбектерді жан-жақты саралап, зерттеу мәселесінің мәнін ашып көрсеткен. Зерттеу жұмысы өзара үйлесімділік пен логикалық тұтастыққа ие, ал алынған нәтижелер практикалық маңыздылығымен құнды.

Зерттеу барысында мынадай маңызды ғылыми нәтижелер алынған: □ Қабаттардың көлбеу бұрыштарына байланысты тау-кен қазбаларының айналасындағы серпімсіз деформация аймақтары ерекшеленді, бұзылу аймағының асимметриясы анықталды; сандық модельдеу арқылы қазбалардың ара қашықтығы мен қабат қалындығы әсерінен деформация аймақтарының қалыптасу және таралу заңдылықтары анықталды; қабаттардың көлбеу бұрышы, геологиялық жағдайлар және жыныстардың орнықтылық категориясын ескере отырып, бекіту схемаларына ғылыми негізделген ұсыныстар жасалды.

Жұмыстың практикалық маңызы зор: ұсынылған әдістемелер мен қорытындылар қазбаларды жобалау және бекіту параметрлерін оңтайландыру барысында тиімді қолданылуы мүмкін. Бұл тау-кен жұмыстарын жүргізуінде қауіпсіздігін арттырып, материалдық шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Автордың зерттеу нәтижелері жеткілікті деңгейде жарияланған: Scopus базасында 2 мақала, КР ЕЖБМ Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ұсынған журналдарда 4 мақала, 3 конференция тезисі, 1 пайдалы модельге патент және 4 авторлық құқық объектісінің куәлігі бар.

«Тау жыныстарының катпарлы сілеміндегі техногендік ашылымдарының параметрлерін геомеханикалық негіздеу» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмыс жүргізілген зерттеулердің көлемі, олардың ғылыми және практикалық маңыздылығы диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді деп санаймын және қорғауға ұсынылады, ал авторы Жунусбекова Гаухар Жумашевна 8D07202 «Тау-кен ісі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші  
PhD, «Әбілқас Сағынов атындағы  
Қарағанды техникалық  
университеті» КеАҚ  
«Пайдалы қазбалар  
кен орындарын өндіру»  
кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры

А.Ж. Имашев